

**«Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің бос лауазымына орналасуға
конкурс өткізу туралы хабарландыру**

2024 жылғы 21 маусымда «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС келесі бос лауазымына орналасуға конкурс жариялайды

№	Лауазымның атауы	Құрылымдық бөлімшенің атауы	Біліктілік талаптары
1	Бас сарапшы-талдаушы	зерттеу жобалары секторының зерттеулер және болжамдау бөлімі	Білімі: экономика, қаржы, есеп және аудит, Мемлекеттік аудит мамандығы бойынша жоғары білімінің болуы. Кәсіби жұмыс тәжірибесі: білім беру ұйымдарында және/немесе ғылыми-зерттеу ұйымдарында және/немесе мемлекеттік аудит органдарында және/немесе лауазымның функционалдық бағыттарына сәйкес салаларда кемінде 3 жыл жұмыс өтілі. Кәсіби құзыреттер: міндеттерді орындау үшін қажетті жеке қасиеттер: стратегиялық ойлау; аналитикалық; көшбасшылық; ұйымшылдық; коммуникабельділік; бастамашылық; сапаға бағдарлану; тұтынушыға бағдарлану; әдептілік; сыбайлас жемқорлыққа төзбеушілік. Міндеттерін орындау үшін қажетті білім: білім беру, ғылым, мемлекеттік аудит, Қаржылық бақылау, бухгалтерлік есеп, бюджеттік, салықтық реттеу саласындағы, сондай-ақ мемлекеттік тапсырмаларды әзірлеу және орындау, ғылыми, ғылыми-техникалық қызметті базалық, бағдарламалық-нысаналы, гранттық қаржыландыру және коммерцияландыру мәселелерін реттейтін салалардағы заңнамалар және басқа да нормативтік құқықтық актілер серіктестіктің функционалдық бағыттарына сәйкес келетін құқықтық актілер. Міндеттерді орындау үшін қажетті дағдылар: - мемлекеттік, орыс және ағылшын тілдерін меңгеруі (Intermediate-тен төмен емес); - зерттеулер жүргізу; - эконометрикалық және макроэкономикалық модельдерді құру; - ақпаратты жинау, жүйелеу және деректерді талдау; - статистикалық мәліметтермен, рейтингтермен, индекстермен және т. б. жұмыс; - аналитикалық құралдарды қолдану; - компьютерлік техника, коммуникация және байланыс құралдарын пайдалану; - іскерлік хат-хабарлар. Бас сарапшы-талдаушының мазмұндық функциялары: 1) тақырыптардың бөлімдері (мемлекеттік тапсырманың кезеңдері) бойынша, оның ішінде

		жауапты орындаушы ретінде эконометрикалық және макроэкономикалық модельдер құра отырып және/немесе ғылыми жетекшімен бірлесіп ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер жүргізеді; 2) ғылыми және/немесе ғылыми-техникалық қызметті гранттық, бағдарламалық-нысаналы және өзге де қаржыландыруға арналған халықаралық және республикалық конкурстарға, ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің конкурстарына, халықаралық, мемлекеттік және жеке ұйымдар ұсынатын зерттеулерге арналған гранттарға, халықаралық гранттарға және т.б. қатысуға өтінімдерді дайындауға және оларды іске асыруға (ұтқан жағдайда) қатысады және қорлар; 3) Қазақстан экономикасының макроэкономикалық дамуының, бюджет жүйесінің, мемлекеттік аудит пен қаржылық бақылаудың өзекті мәселелері бойынша Серіктестіктің міндеттері шеңберінде талдамалық материалдар, баяндамалар, болжамдар, анықтамалар, сондай-ақ ақпараттық-талдамалық жазбалар дайындайды; 4) зерттеулер тақырыбы, отандық және шетелдік озық тәжірибе, мемлекеттік аудитті дамытудың қазіргі заманғы үрдістері бойынша ғылыми ақпаратты, эксперименттер мен байқаулардың нәтижелерін жинайды, өңдейді, талдайды және қорытады; 5) техникалық тапсырмаға сәйкес зерттеу жоспарын жасайды, тақырып бойынша есептерді (есеп кезеңдерін) қалыптастырады, орындалған зерттеулердің нәтижелері бойынша әдіснамалық құжаттаманы немесе практикалық ұсынымдарды әзірлейді; 6) Тапсырыс берушіге есептерді ресімдейді және тапсырады; 7) орындалған зерттеулер бойынша орындалған жұмыстардың (көрсетілетін қызметтердің) актісін дайындайды (нысанды келіседі, бұрыштама жинайды); 8) ғылыми зерттеулердің нәтижелерін дәйексөз индексі жоғары халықаралық журналдарда жариялайды, ғылыми семинарлар мен ғылыми конференцияларды дайындауға және өткізуге қатысады; 9) тоқсан сайынғы "Мемлекеттік аудит-Государственный аудит" журналы және басқа да ғылыми-әдістемелік және ақпараттық-талдамалық басылымдар үшін талдамалық материалдар мен мақалаларды жинауды және дайындауды жүргізеді; 10) ғылыми-зерттеу жобаларына өтінімдерді дайындауға және беруге қатысады; 11) түсіндіру жұмыстарын жүргізу және кері байланыс алу мақсатында серіктестіктің зерттеу нәтижелері бойынша дөңгелек үстелдер өткізуге қатысады; 12) өзінің лауазымдық міндеттері мен өкілеттіктері шеңберінде сектор, бөлім және серіктестік басшылығының өзге де тапсырмаларын уақтылы және сапалы орындайды.
--	--	---

Конкурсқа қатысу үшін құжаттар тізбесі:

- 1) конкурсқа қатысу үшін өтініш;
- 2) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ;
- 3) жеке куәліктің немесе паспорттың көшірмесі;
- 4) тиісті білімді, іскерлікті және дағдыларды талап ететін жұмысқа еңбек шартын жасасу кезінде білімі, біліктілігі, арнайы білімі немесе кәсіптік даярлығы туралы құжаттың көшірмесі;
- 5) соттылығының бар немесе жоқ екендігі туралы анықтама.

Құжаттарды қабылдау мерзімі: Құжаттар конкурс өткізу туралы хабарландыру соңғы жарияланғаннан кейін келесі жұмыс күнінен бастап есептелетін 7 (жеті) жұмыс күнінің ішінде (қолма-қол немесе электрондық пошта мекенжайына: hr1@cifn.kz) ұсынылуы тиіс.

Конкурсқа қатысушылардың құжаттарын қарау: Конкурстық комиссия құжаттарды қабылдау мерзімі аяқталғаннан кейін 2 жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың кандидаттардың біліктілік талаптарына сәйкестігіне қарайды және конкурсқа қатысушыларды сұхбаттасуға жіберу туралы шешім қабылдайды.

Сұхбаттасуға жіберілген кандидаттардың тізімі мен сұхбаттасу өткізу кестесі конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде және сұхбаттасу өткізуге дейін бір жұмыс күннен кешіктірмей «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС интернет-ресурсында орналастырылады.

Сұхбаттасуға жіберілген кандидаттар конкурстық комиссия шешім қабылдағаннан кейін келесі жұмыс күні өткенге дейін және сұхбаттасу өткізуге дейін бір жұмыс күннен кешіктірмей сұхбаттасу өткізу күні туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады. Хабарлама телефон арқылы қатысушылардың электрондық мекен-жайлары мен/немесе ұялы телефондарына ақпарат жіберу арқылы жүзеге асырылады.

Рұқсат алмаған конкурс қатысушылары конкурс комиссиясы шешім қабылдаған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде бұл туралы конкурс комиссиясының хатшысымен хабарландырылады.

Сұхбат өткізу мерзімі мен орны: Конкурсқа қатысатын және сұхбаттасуға жіберілген кандидаттар сұхбаттасуға жіберілгені туралы хабардар етілген күнінен бастап үш жұмыс күні ішінде Астана қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы, 8-кіреберіс, 11-ғимарат мекенжайы бойынша «Зерттеулер, талдау және тиімділікті бағалау орталығы» ЖШС сұхбаттасу өтеді.

Үміткерлер конкурсқа қатысу шығындарын (сұхбаттасу өтетін жерге келу және қайту, тұрғын жай жалдау, тұру, «Мемлекеттік қызмет персоналын басқару ұлттық орталығы» АҚ-да тестілеуден өту, байланыс қызметінің барлық түрлерін пайдалану) өздерінің жеке қаражаттары есебінен жүргізеді.

Бас сарапшы (кадр қызметкер) Ерлан Өмірсерікұлы Ержанов
электрондық пошта: hr1@cifn.kz
жұмыс тел.: +7 (7172) 74-16-55, ұялы тел. 8-701-643-15-97